

Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 20 ақпандағы N 811 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 25 ақпан N 248.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Ел экономикасының мұнай-газ секторындағы мемлекеттің мүдделерін одан әрі қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы" 2002 жылғы 20 ақпандағы N 811 Жарлығын (бұдан әрі - Жарлық) іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен бірлесіп, "Қазақойл" ұлттық мұнай-газ компаниясы" мен "Мұнай және газ тасымалдау" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамдары (бұдан әрі - Жабық акционерлік қоғамдар) акцияларының мемлекеттік пакеттері мен өзге де мүліктерін беру жолымен "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" (бұдан әрі - "ҚазМұнайГаз" ҰК) жабық акционерлік қоғамының жарғылық капиталын қалыптастыруды;

2) "ҚазМұнайГаз" ҰК жарғысын бекітуді және оны мемлекеттік тіркеуді;

3) Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2002.09.25 N 1051 қаулысымен.

4) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен бірлесіп, бір ай мерзімде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық кесімдерін Жарлыққа және осы қаулыға сәйкес келтіру жөнінде ұсыныстар енгізуді, сондай-ақ оларды іске асыру жөнінде өзге де шаралар қабылдауды қамтамасыз етсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002.09.25 N 1051 қаулысымен.

2. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2010.05.20 № 454 Қаулысымен.

3. Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) өнімді бөлу туралы жоғарыда аталған және басқа да келісімдерге және осы қаулыны іске асыруға бағытталған оларға ілеспе өзге де құжаттарға тиісті өзгерістер енгізуді қамтамасыз етсін;

2) "ҚазМұнайГаз" ҰК-на өкілетті орган Функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті, өнімді бөлу туралы жоғарыда аталған келісімдерге қатысты материалдарды беретін болсын;

3) бір ай мерзімде Қазақстан Республикасының Үкіметіне:

"ҚазМұнайГаз" ҰК мұнай операцияларын жүзеге асыратын мердігерлермен келісім-шарттарда келісім-шарттарға үлестік қатысу арқылы мемлекеттік мүдделерді білдіруінің тәртібі туралы;

мемлекеттік органдар мен "ҚазМұнайГаз" ҰК арасында мұнай операцияларындағы өкілеттіктерді дәл ажырату туралы қаулылардың жобаларын енгізсін.

4. "ҚазМұнайГаз" ҰК белгіленген тәртіппен:

1) Жабық акционерлік қоғамдардың міндеттерін, басқару функциялары мен құрылымын оңтайландыру мақсатында оларды қайта ұйымдастыру процесін қамтамасыз ету;

2) ұйымдардың активтерін, акцияларын және қайта ұйымдастырылатын Жабық акционерлік қоғамдардың меншігіндегі және/немесе басқаруындағы жарғылық капиталдарындағы қатысу үлестерін жұмылдыру жөнінде шаралар қабылдасын.

5. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

6. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Қазақойл" ұлттық мұнай-газ компаниясы" жабық акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 13 қаңтардағы N 37 қаулысы;

2) "Қазақойл" ұлттық мұнай-газ компаниясы" жабық акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 9 тамыздағы N 1044 қаулысы.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары К.Қ.Мәсімовке жүктелсін.

8. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 25 ақпандағы
N 248 қаулысына
1-қосымша

**"ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік
қоғамы директорлар кеңесінің құрамы**

Қарабалин Ұзақбай Сүлейменұлы - Қазақстан Республикасының
Энергетика және минералдық ресурстар
вице-министрі;

Андрющенко Александр Иванович - Қазақстан Республикасының Экономика
және сауда бірінші вице-министрі;

Нәлібаев Әбдіхалық Зәкірұлы - Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің Кеңсесі
Басшысының орынбасары;
Раханов Мақсұтбек Смағұлұлы - Қазақстан Республикасының Қаржы
министрлігі Мемлекеттік мүлік және
жекешелендіру комитетінің төрағасы;
Қиынов Ләззат Кетебайұлы - "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы"
жабық акционерлік қоғамының
президенті.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 25 ақпандағы
N 248 қаулысына
2-қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер

1. "Акционерлік қоғамдар мен республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың (ұлттық компаниялардың) кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 22 тамыздағы N 1098 қаулысына:

1-тармақтағы "Қазақойл" ұлттық мұнай-газ компаниясы, "Мұнай мен Газ тасымалы" ұлттық компаниясы" деген сөздер алынып тасталсын.

2. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 17.07.2023 № 602 қаулысымен.

3. "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 13, 124-құжат):

Акцияларының мемлекеттік пакеттері мен үлестері республикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесіне:

"Алматы қаласы" деген бөлімде:

реттік нөмірі 95-жол алынып тасталсын;

реттік нөмірі 100-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"100. "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" ЖАҚ".

"Атырау облысы" деген бөлімде реттік нөмірі 145-2-жол алынып тасталсын.

4. "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысына:

көрсетілген қаулыға қосымшада:

"Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігіне" деген бөлімде:

реттік нөмірі 16-жол алынып тасталсын;

реттік нөмірі 17-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"17. "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" ЖАҚ".

реттік нөмірі 45-жол алынып тасталсын.

5. "Жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік меншік объектілерінің тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 24 қазандағы N 1587 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 43, 513-құжат):

көрсетілген қаулыға 2-қосымшада:

реттік нөмірі 1-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"1. "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" ЖАҚ (Астана қаласы) 100%";

реттік нөмірі 2-жол алынып тасталсын.